

## Студенттік спорт – жоғары жетістіктегі спортшыларды дайындау факторы

**Аңдатпа.** Мақалада автор дене шынықтыру тұтас тұлға қалыптастыратын, студенттердің табиғи күшті игеруге және физикалық мүмкіндіктерін мәдени дамытуға бағытталған, олардың дене қабілеттерін дамыту, тәрбие үрдісі аясында мәдениет элементтерін, ерекше жеке қасиеттерін дамытатын тәрбие құралы ретінде қарастырылған. Мақаланың мақсаты етіп жоғары дәрежелі спортшылар мен спорт резерві ретінде студенттік спорт командаларын ұйымдастыру мен дайындаудың тиімді шарттарын анықтаған. Зерттеу барысында дене шынықтыру мен спорттың, сондай-ақ жоғары жетістіктер спортының, соның ішінде студенттік спорт командалары арасында жалпы сипаттамасын белгілеу, студенттік спорт командаларын ұйымдастыру жүйесі мен қызмет нәтижелерінің динамикасын талдауды, ұйымның қазіргі жүйесін жаңғыртуға бағытталған ұсыныстар сонымен қатар спорттық команданы құру, оны ұйымдастыру мәселелері, спортшыларды материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз етілуі, тиісті әдістемелерді пайдалану және жаттығу үрдісін ұйымдастыру жолдары қарастырылған.

**Түйін сөздер:** табиғи күш, мәдениет, элемент, динамика, материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі, қаржылық қамтамасыз етілуі.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2022-138-1-38-47>

### Кіріспе.

Қайта құру кезеңінен кейінгі бірнеше жылдық дағдарыстық құбылыстардан кейін өмірдің барлық аспектілерінде, соның ішінде спортта да өсу байқалады. Жастар спорт клубтары мен секцияларға біртіндеп оралуда.

Дене тәрбиесі оның барлық бағыттары бойынша бүкіл Қазақстанға таралды. Осы өсу мен спорттың «таралу» жағдайында біздің спортшыларымыздың халықаралық дәрежедегі нәтижелері біртіндеп өсіп келеді. Мұның бәрі жұмыстың **өзектілігін** көрсетеді.

Дене шынықтыру тәрбие құралы ретінде тұтас тұлға қалыптастыруға бағытталған. Дене тәрбиесі студенттердің табиғи күшті игеруге және физикалық мүмкіндіктерді

мәдени дамытуға бағытталған практиканың әлеуметтік-мәдени тәсілі ретінде әрекет етеді. Студенттің дене қабілеттерін дамыту тәрбие үрдісі аясында мәдениет элементтерін, ерекше жеке қасиеттерді дамыту ретінде қарастырылады. Бұл ретте ғана ол өзін-өзі дамытудың, өзін-өзі тәрбиелеудің, өзін-өзі жетілдірудің, өзін-өзі басқарудың, өзін-өзі анықтаудың ықтимал және қажетті әлеуметтік және жеке үрдістерге қол жеткізе алады [1].

Кез келген спорт түріндегідей, студенттік спорттық қызметтің мәні - жарыс. Жарыссыз спорт жоқ. Білім алушы жастардың түрлі деңгейдегі додаларға қатысуы оның басқа спортшылармен күш сынасуда ең жоғары спорттық нәтижеге қол жеткізуге ұмтылысын ынталандырады.

Мәселе мынада, талантты студент-спортшылардың жоғары жетістіктер спортына түсу тетігі тиісті дәрежеде пысықталмаған.

**Мақсаты:** жоғары жетістіктегі спорттық резерв ретінде студенттік спорт команда-ларын ұйымдастыру мен дайындаудың тиімді шарттарын анықтау.

Осы мақсаттың негізінде келесі **міндеттер** анықталды:

а) дене шынықтыру мен спорттың, сондай-ақ жоғары жетістіктер спортының, соның ішінде студенттік спорт командалары арасында жалпы сипаттамасын белгілеу;

ә) студенттік спорт командаларын ұйымдастыру жүйесі мен қызмет нәтижелерінің динамикасын талдау;

б) ұйымның қазіргі жүйесін жаңғыртуға бағытталған ұсыныстар әзірлеу.

**Зерттеудің жаңалығы** спорттық нәтижелердің тәуелділігін және спорт шеберлігінің өсуіне ықпал ететін негізгі факторлардың табысты ықпалынан студент-спортшылардың кәсіби аренасына шығуын анықтау болып табылады.

Студенттік спортты дамыту және студенттік спорт командаларын дайындау үшін табысты жағдайларды қалыптастыру спорттың әр түрі бойынша кәсіби құрамаларды күшейтуге ықпал етеді.

Қазіргі кезеңде қазақстанда спорт саласындағы саясат көп жағдайда бұқаралық, соның ішінде жастар спорты саласына бағытталған. Бұл, ең алдымен, қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру арқылы ұлтты сауықтыру мақсаттарымен және дене шынықтырумен айналысумен, осылайша, зиянды әдеттерден бас тартумен байланысты.

Осы бағыттағы жұмыстардың жандануына Қазақстан Республикасы Президентік тестілері лайықты үлесін қосуда. Аталған Тестілер ЖОО білім алушылардың бойында күшті, төзімділікті, жылдамдық пен ептілікті көрсететін дене шынықтыру жаттығуларының түрлері белгіледі және оған басшылық жасау мен бақылауды дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті орган мен жергілікті атқарушы органдарға жүктеді [2].

Алайда, республикалық және халықаралық жарыстарда лайықты нәтиже көрсете алатын

жоғары дәрежелі спортшылар қатарына жататын студенттік спорт клубтарын дамытуға үлкен көңіл бөліп, ұлттық құрамаға резервке айналуға жақындату қажеттігін атап өту керек. Бұл тек кәсіби спорттық дайындығы бар жоғары оқу орындарына ғана қатысты емес.

Жоғары жетістіктер спортын қолдау студенттер арасында Универсиада, Әлем және Еуропа чемпионаттары сияқты ірі халықаралық жарыстарды өткізу, сондай-ақ студенттер өкілдерінің Олимпиада ойындарына, Әлем және Еуропа чемпионаттарына қатысуымен даусыз байланысты.

Бұқаралық спортпен қатар жоғары жетістіктер спорты немесе үлкен спорт бар. Үлкен спорттың мақсаты жаппай мақсатқа сай. Бұл ең ірі спорттық жарыстарда мүмкін болатын спорттық нәтижелерге немесе жеңістерге қол жеткізу. Студенттік спорт клубына келіп, жас спортшы-студент жаңа әлеуметтік салаға түседі: жаңа ұжым - жаңа жаттықтырушылар - әлеуметтендірудің жаңа агенттері, тәрбие мен білім беруге, мәдени нормалар мен мінез-құлық үлгілеріне жауапты нақты адамдар, жаңа әлеуметтік рөлді тиімді игеруді қамтамасыз етеді [3].

Университет жанындағы спорт клубында әлеуметтендіру жедел қарқынмен өтуі мүмкін, өйткені оқу орнында оқу мерзімі шектелуі.

Спортшының әлеуметтік сатысын спорттық қызметке қосу арқылы жіктеуді оның спорттық мансабын қалыптастыру кезеңдерімен байланыстыруға болады.

Егер бұл қағиданы қабылдасақ, әлеуметтендірудің келесі сатыларын атап көрсетуге болады;

а) спорт қызметіне субъектіні қосу;

ә) мамандандырылған оқу-жаттығу топтарында және спорттық жетілдіру топтарында сабақтар;

б) әуесқойлықтан кәсіби спортқа көшу;

в) спорттық мансапты аяқтау және басқа мансапқа көшу.

Студенттік спорттың әр түрлі аспектілерін қозғай отырып, мәдени немесе әлеуметтік болсын, тарихи оқиғалар туралы ұмытуға болмайды, себебі жалпы тарихи фактілер қан-

дай да бір құбылыстың қалыптасуының толық көрінісін жасауға және болашаққа даму бағытын анықтауға көмектеседі.

Студенттер спортының тарихы 1905 жылы АҚШ-та студенттер арасында алғашқы халықаралық жарыстар өткен болатын. Халықаралық студенттік спорттың дамуы тұрақты негізде Француз білімінің көрнекті тұлғасы – Жана Петижанмен байланысты. Оның күш-жігерінің арқасында 1919 жылы құрылған Халықаралық студенттер конфедерациясында екі жылдан кейін спорттың бірнеше түрінен бірінші студенттік әлем чемпионатын өткізу туралы шешім қабылданды. 1923 жылы Парижде алғашқы халықаралық университеттік ойындар өтті, бұл ойындарды болашақ Универсиаданың бастамасы деп атауға болады. Бір жылдан кейін Варшавада бірінші студенттік әлем чемпионаты өтті, онда еуропалықтардан басқа ешкім қатыспады және оған тек жеңіл атлетика түрлері кірді. Бұл турнир университет спортының тарихында елеулі кезең болды [4].

Бір жылдан кейін жаңа құрылымы - Халықаралық студенттер конфедерациясы (ХСК) ұйымдастырылды. ХСК-ның 1939 жылға дейін қызмет еткен кезеңде оқушылар арасында тағы сегіз жарыс өткізілді. Барлық жарыстар Еуропа аумағында өткізілді.

Батыс және Шығыс елдер блогы, ҰОС-тан кейінгі бөлініс, студенттік спорттың дамуына әсер етпей қоймады. 1947 жылы Халықаралық студенттер одағы (UIE) құрылды. Бұл ұйым өткізетін жарысқа Батыс елдерінің өкілдері қатысқан жоқ. UIE қолдауымен өткен соңғы ойындар Хельсинкиде 1962 жылы өтті.

Халықаралық студенттік спорт федерациясы (FISU), Халықаралық студенттер конфедерациясының құқықтық мұрагері болды. FISU және оның президенті доктор Пол Шлеймер 1947 жылы Парижде ұйымдастырған алғашқы ойындар “университеттік спорт апталығы” болды [5].

Қазіргі уақытта, Халықаралық студенттік спорттық ынтымақтастықтың негізгі үйлестіруші орталығы FISU болып табылады, ол іс жүзінде өздерінің ұлттық спорт ұйымдарының ассоциативті мүшелері болып табылатын

жоғары оқу орындары құрған. FISU студенттердің академиялық сабақтарына қосымша жарыс жаттығуларының тәжірибесін дамыту және көтермелеу мақсатында құрылды.

Қазіргі уақытта Бас Ассамблеяның тұрақты отырыстарында, барлық континенттерден ұлттық университет федерацияларын, қауымдастықтарды, одақтар мен комитеттерді біріктіреді. FISU бастамасымен әлем студенттері арасындағы басты Халықаралық спорттық жарыс - Универсиада өткізіледі.

Универсиада - кешенді жарыстар болып табылатын дүниежүзілік спорттық студенттік ойындар. Бүкіләлемдік Универсиада – бұл планетаның басты спорттық жастар форумы. Бүгінгі таңда Бүкіләлемдік Универсиаданы өткізу құқығына ие болу өте құрметті, ол тек спорттық оқиға болудан қалды. осының бәрі осы іс-шара өткізілетін аймақта тұратын қоғам өмірінің барлық жақтарында оң ілгерілеулер үшін Универсиаданың зор маңызы бар екенін көрсетеді. Сондай-ақ, спорттық жарыстардың барлық процесін ұйымдастыру аясында әлеуметтік тәжірибені жинақтау фактісі маңызды: оқиғаны өткізуден бастап оған спорттық команданың да, жанкүйерлердің де қатысуы [6].

XXVIII Дүниежүзілік қысқы Универсиаданың Қазақстанда өтуіеліміздегі студенттік спортқа аса назар аударуда үлкен рөл атқарды. Аталған әлемдік додада өз спортшы студенттеріміздің табыстары да аз болмады. Универсиадада жүлделі орындарға ие болып, еліміздің студенттік спортын насихаттауға лайықты үлестерін қосқан жеңімпаздарымызды біз мақтанышпен айта аламыз. Олар: командалық сындаалтын медальді жеңіп алған фристайл акробатика шеберлері Жанбота Алдабергенова мен Бағлан Іңкәрбек; шаңғыдан 5 шақырымдық «классикалық стильде» үшінші орынды иеленген Анна Шевченко; фристайл (акробатика) сайысының күміс жүлдегері Жібек Арапбаева және қола медаль Жанбота Алдабергенова. Универсиада-2017-де екі дүркін жеңімпазы атанған (параллельді және жеке могул бойынша) Қазақстандық фристайлшы Юлия Галышеваның еңбегін ерекше атап өтуге лайық.

Италияның Неаполь қаласында өткізілген XXIX Дүниежүзілік жазғы универсиада ой-

ындарында дзюдо күрес түрінен Ғалымжан Қырықбай алтын жүлдені иеленсе, күміс жүлдені келесі спот түрлерінен: спорттық гимнастикадан - Нариман Құрбанов және Милад Карими; жеңіл атлетикадан Михаил Литвин; таэквондодан Смайыл Дүйсебай; стендтік атудан - Зоя Кравченколар иеленсе, сондай-ақ спорттың осы түрінен Сәрсенқұл Рысбекова қоланы иеленді.

*Жоғары дәрежелі студенттік спорт командаларының ұйымдастыруды және даярлауды талдау.* Жоғары жетістіктер спорты спорттық жарыстардағы нәтижелерге бағдарланған. Таңдалған спорт түрін бойынша жоғары нәтиже үшін қажетті физикалық және функционалдық дайындықты одан әрі дамытуды болжау физиологиялық сипаттамалары бойынша ерте жастағы балаларды іріктеуге негізделген. Осындай балаларды одан әрі арнайы даярлау мамандандырылған спорт мекемелерінде (спорт мектебі, интернаты, колледжі т.б.) жүргізіледі. Әрине, мұндай тәсіл жоғары дәрежелі спортшыларды даярлаудың ғылыми деректері мен көпжылдық тәжірибесі негізінде қолданылады және бірқатар артықшылықтары бар.

Студенттік ортаның өз ерекшелігі бар. Еліміздегі қазіргі заманғы студенттік спорт жағдайының барлық қырларын анықтау және бар мәселелерді шешудің мүмкін жолдарын анықтау үшін зерттеу жүргізілді. Студенттер спортының мәселелерін зерттеу үшін сапалы сипаттағы әдіс, атап айтқанда терең сұхбат таңдап алынды. Бұл әдістеме құзыретті адамдар арасында студенттік спорт мәселелеріне нақты қатысты ерекшеліктерін анықтауға, студенттік спортты дамыту мәселесінде жеке тәжірибелік пікірді анықтау кезінде ой ағымын қадағалауға, студенттік спорт командаларымен жұмыс істеу механизмдерін кеңінен анықтауға, сондай-ақ келешекте студенттік спорт қоғамдастығының қызметін табысты іске асыруды ұйымдастыруды анықтауға мүмкіндік береді.

Студенттермен спорт мәселелері бойынша сарапшылармен бірқатар сұхбат жүргізілді. Сұхбат бірнеше бағытты қамтитын, алдын ала әзірленге жоспар бойынша жасалды. Респон-

денттер саны, студенттік спорт командаларының жоғары дәрежелі жаттықтырушылары, сондай-ақ республикалық және халықаралық деңгейде жақсы нәтижелерге қол жеткізген жоғары дәрежелі спортшылардан тұратын, 11 адамды құрады. Олардың арасында, мысалы, XXVIII Қысқы Универсиада ойындарының жүлдегері: шорт-трекспортынан, қола жүлдегері Мадина Жанбосынова (Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ); каратэден Халықаралық дәрежедегі спорт шебері, әлем чемпионы Мадина Сауытова (Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ); тоғызқұмалақ спорт түрінен Қазақстан Республикасының спорт шебері Азия чемпионы Аңсаған Қожанәсіп (Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ); шорт-тректен ерлер құрамасы қатарында (эстафета 5000м) қоланы иеленген Шамуханов Еркебұлан (Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті) және т.б. жоғары дәрежелі спортшылар мен жаттықтырушылар болды.

Сұхбат жеке әңгімелесу, сондай-ақ интернет желісін пайдалану арқылы онлайн түрінде өткізілді. Жеке сұхбаттар Көкшетау облысы, Бурабай демалыс аймағында да жүргізілді, өйткені дәл осы кезеңде онда оқу-жаттығу жиындары мен жарысқа іріктеліп алынған респонденттер болды. Әрбір сұхбат 30-дан 60 минутқа дейін созылды. Бетпе-бет әңгімелесулерді өткізу кезінде жауап жазу қолмен жүргізілді. Зерттеу қатаң түрде берілген сұрақтар бойынша емес, алдын ала белгіленген жоспар бойынша жүргізілді. Жұмысты зерттеудің жалпы тақырыбы аясында қызығушылық тудыратын тақырыптардың блоктары жасалды.

Респонденттің спортқа келуі туралы жалпы блок, спорттық команданы жинау және ұйымдастыруға қатысты сұрақтарды қамтитын блок, спортшыларды материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз етуге арналған блок, әдістемелерді пайдалану және жаттығу процесін ұйымдастыру блогы, жастар арасында спорттың танымалдығы туралы, сондай-ақ респондентке студенттік спорт командаларымен жұмысты жақсарту жолдары туралы көзқарасты өзі ашуды ұсынатын блок. Сұхбат барысында ілеспе сұрақтар жиі туын-



дады, өйткені әңгіме жүргізудің шағын жоспары ғана белгіленген еді.

Бірінші блоктың сұрақтары жалпы спортқа келу тарихына, соның ішінде студенттер қатарына түсу, спорттық мансаптың дамуы мен жетістіктеріне, өзінің спорт түріне деген қарым-қатынасына және жалпы спорттық командалармен жұмыс істеуге қатысты болды.

Екінші блок мәселелерінің бағыттары команда жинауына қатысты, атап айтқанда жастар арасында талантты спортшыларды қалай іздеу, топтың бастапқы саны, кейін топта қалғандардың және жоғары нәтижелерге қол жеткізгендердің пайызы, спортшылардың сабаққа ынтасы, ұжым болып жұмыс жасау.

Үшінші блок - материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету. Мұнда спорт түрімен айналысуға және жарыс қызметін, тиісті дайындықты, сондай-ақ медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастыру қаншалықты қымбат екендігі, қаржыландыру көздері, демеушілік бағдарламалары туралы сұрақтар қойылды. Сондай-ақ, спортшы-студенттердің жалақысы мен әр түрлі сыйақы төлемдерін алу туралы, яғни студенттік спорт ұжымдарында спорттық қызметті кәсібилендіру туралы пікірді білу қызықты болды.

Келесі блок жоғары нәтижелерге қол жеткізу жолдарына қатысты болды. Әдістеме бойынша дайындық бағыттары анықталды: қалай дұрыс қолдану, қаншалықты жиі жаңарту керек. Сондай-ақ, негізгі спорттық командаға, іріктеу өлшемдеріне, басшылықтың қазіргі стиліне және оның қаншалықты тиімділігін талдау жүйесі назардан тыс қалған жоқ. Студенттер арасында спорттың танымалдығы және біздің елімізде студенттер спортының беделі туралы сұрақтарға жауап беру, студенттік спорт – әуесқой немесе кәсіби болуы тиіс деген пікір қызықтырды.

Қорытынды блок-студенттік спорттың жағдайын жақсарту жолдары, жоғары дәрежелі студенттік спорт командаларын дайындау процесін оңтайландыру бойынша ұсыныстар. Сұхбатты толық өткізгеннен кейін материалды өңдеу, атап айтқанда нәтижелерді түпкілікті талдау және топтау жүргізілді. Материал қойылған сұрақтардың және

алынған жауаптардың ретімен баспа құжатына сәйкестендірілді.

Одан кейін әр респонденттің блоктар бойынша жауаптарының салыстырмалы нәтижелері талданды, сондай-ақ сұхбат арқылы сипатталған қазіргі ұйымдық құрылым мен олардың жарыстарда нәтижелері арасындағы себеп-салдарлық байланыс жасалды. Студенттік спорт командаларын дайындаудың табыстылығы ұйымның көптеген факторлары мен шарттарына байланысты. Жалпы, әр түрлі қалалар мен университеттерде бір қарағанда айырмашылығы жоқ бірқатар факторлар бар. Алайда, бұл ұқсастықтар спорт нәтижесіне әсер етуі мүмкін өздерінің өзгешеліктері бар. Дайындықтың белгілі бір аспектілерін сұхбат сұрақтарына жауап берушілердің жауаптарынан көруге болады. Респонденттердің көпшілігі мектеп жасынан бастап спортқа келген, балалар жасөспірімдер спорт мектептері (БЖСМ) және олимпиада резервінің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектептері (ОРМБЖМ) базасында дайындықтан өткен, осы уақытқа дейін оқушылар немесе осындай спорт ұйымдарының өзге де өкілдері болып табылады.

Бұл қазіргі университеттік спорт мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт ұйымдарымен ынтымақтастығысыз табысты дами алмайтынын көрсетеді. Бірігу және тараптардың тығыз ынтымақтастығы неғұрлым табысты команда құруға көмектеседі. Респонденттердің жауаптарына сүйене отырып, толықтырудың және жинақтаудың екі бағыты бар: алдыңғы спорт ұйымдарының базасында спортшыларды күшейтілген дайындықпен оқуға және ЖОО-на түсуге қызығушылығы (оның ішінде оқуға түсуге көмек көрсету) және онда өз бетінше келіп түскен студенттер арасынан (бұрын алғашқы даярлықпен немесе жақсы дене дайындығы және физикалық деректері бар талантты жас спортшыларды іріктеу арқылы) команда құру.

Екі жағдайда да спортшылардың жоғары спорттық нәтижелерін көруге болады. Бірақ пайыз бірінші бағыт өкілдерде жоғары. Университеттердегі команда жинағын ұйымдастыруға қарамастан жоғары нәтижелер алуға

болады деген қорытынды жасауға болады, алайда ынталандыру және команданы басқару әдістері көбінесе жоғары тиімділікке жету үшін ерекшеленетін болады.

Спорт командаларын қаржыландыру жүйесі арасында айырмашылық жоқ. Барлық жағдайда университеттен көмек студенттік спортты дамытуға жұмсалады, бірақ көп жағдайда бұл университетке тиесілі нысандарды ұстауға шығыназ, көбісі жаттықтырушылардың еңбекақысына қатысты. Спортта жоғары жетістіктері болғанымен, қаржы көлемі көбінесе команданы қажетті ресурстармен қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді. Студенттік спорт командаларының қызметін қамтамасыз ету көп жағдайда облыстық бюджеттің қаржы көзі мекемелері (мысалы, Дене шынықтыру және спорт жөніндегі департаменттер), мамандандырылған спорттық дайындық орталықтары, спортшылар үшін жоғары спорттық шеберлік мектептері елеулі нәтижелерге қол жеткізген. Алайда, шығын топтардың басым бөлігін университет басшылығы өзі қаржыландыратын командалар бар.

Демеушілердің көмегі спорт командасының мұқтаждықтарына арналған шығындарды арттыру жолдарының бірі ретінде пайдаланылады, бірақ көп жағдайда оған қол жеткізу мүмкін емес. «Қаражат болу үшін, нәтиже қажет» деген сөз тіркесін жиі естуге болады. Алайда, нәтиже үшін де қомақты қаражат қажет екендігі анық, бұл шексіз шеңбер және қаржыландырудың нәтижеге және нәтиженің қаржыландыруға тәуелділігі туралы белгілі бір қорытынды жасауға мәжбүр етеді. Сұхбат барысында спорттық клубтардың өздерімен спорт бөлмелерін жалға беру немесе ақылы қызмет көрсету арқылы қаражат табу мүмкіндігі туралы сұрақ қойылды. Іс жүзінде, барлық жағдайларда мұндай жоспарларды іске асыруды құқықтық реттеудің күрделілігіне байланысты бұл мүмкін болмай отыр. Айта кетерлігі, кейбір ЖОО-да спортшылар мен жаттықтырушылардың жаттығуы үшін материалдық-техникалық базасы жоқ. Спорт нысандарын сол балалар мен жасөспірімдер спорт ұйымдарымен жиі бөлісуге тура келеді.

Әр түрлі ЖОО-да белсенді спорт қызметі үшін бонустар алуға келетін болсақ, әдетте, бұл стипендияға үстеме.

Медициналық қамтамасыз етуді төлеуге келетін болсақ, мұнда барлық ЖОО-да бірдей жағдай бар: жеке қолдау жоқ, алайда шығыстардың қосымша бабын өтіп жатқан сметаларға немесе бюджеттерге енгізу мүмкіндігі бар. Жалпы, респонденттер команданы медициналық қамтамасыз ету туралы сұрақтарға тез жауап беріп, аз ақпарат берді, бұл осы мәселе бойынша жоғары дәрежелі спорт командаларын ұйымдастырудағы жағдайдың лайықты емес екенін көрсетеді.

Осы орайда, студенттік спорт қозғалысын ұйымдастыру мен жетілдіру мәселелеріне Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңында: Дене шынықтыру және спорт ұйымдары халықтың әртүрлі топтары, соның ішінде жастар мен жасөспірімдер арасында дене шынықтыру мен спортты дамыту бойынша жұмыстарды ұйымдастырады, спортшыларға, жаттықтырушыларға және дене шынықтыру және спорт саласындағы мамандарға жаттығу жасау үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етілетіні туралы (10-бап) нақты атап көрсетілгенін айта кету керек [7].

Сұхбат барысында команданың жаттығу үрдісін ұйымдастыруға әртүрлі көзқарастар анықталды. Атап айтқанда кейбір ЖОО командасында дайындықтардың жаңа компоненттерін аз қамту, КСРО дәуірінен келе жатқан ескі әдістемелерді қолдану, сондай-ақ, ең көп таралған дайындық жүйесімен жүргізу орын алған, кейбір жағдайда ЖОО орталықтандырылған мамандандырылған спорт командасы жоқ. Сондай-ақ командалардың аралас типтері құрылады: бастапқы және одан да терең дайындығы, жаттығу үрдісінде жеке де, бірлескен де дайындығы бар. Команданы басқару стилін таңдағанда бәрі ең қолайлысы ретінде демократиялық стильге тоқталады. «Жаттықтырушы мен спортшы арасында сенім болғаны маңызды». Мұнымен келіспеуге болмайды, себебі спорттық қызметтегі табыс-бұл физикалық және психологиялық жағдайдың дұрыс болуы арқасында

ол өзінің спорттық талантын көрсете алады. Мұндай талантты сыртқа шығару үшін жаттықтырушыға студенттің жеке ерекшеліктерін білу, онымен жұмыс істеу тәсілін табу қажет, бұл белгілі бір өзара оң және сенімді қарым-қатынассыз мүмкін емес.

Біздің елімізде спортпен және студенттік спортпен шұғылданудың танымалдығы мен беделділігі туралы мәселелер де тарапымыздан тыс қалмады. Барлық респонденттер өзінің таңдаған спорт түрінің танымалдылығы өсіп келе жатқанын атап өтті. Бұған елімізде спортпен айналысудың үлесін арттыруға бағытталған мемлекет саясаты ықпал етеді.

Студенттік спорт командаларын ұйымдастыру және дайындау жағдайлары мен факторларын жақсарту бойынша ұсыныстар студенттік спортты дамыту Жастар спорт ортасында спорттық нәтижелердің «өнеркәсіптік өндірістің» қазіргі тәртібінің кемшіліктерін түзеуге қабілетті. Тиісті инфрақұрылымы бар сауатты қалыптасқан спорттық орта, сондай-ақ дене белсенділігінің белсенді сабақтарына арналған орта базасында жоғары спорттық нәтижелерге қол жеткізу мүмкіндігі:

- университеттің студенттік қоғамында спортшылардың тұрақты болуы арқылы салауатты өмір салтының танымалдығын арттыруға;

- спорттық жетілдірдің кеш кезеңінде (17-18 жас) спорттық талантты анықтауға және ұлттық құраманың резервіне дейінгі кәсіби деңгейде дамытуға ;

- жастардың спорттық мансабын жоғары білім алумен табысты ұштастыра отырып, ұзартуға;

- студенттер спорттық мансабын аяқтағаннан кейін кәсіби дәрежедегі спортқа әлеуметтік бейімделуін жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Студенттік спорттың аталған міндеттерді тиімді шешу үшін:

- а) тиісті материалдық-техникалық және кадрлық базаға ие болуы;

- ә) икемді сабақ кестесі, тұратын жері мен тамақтанудың сапалы жағдайларын жасау, сондай-ақ спортшы-студенттердің өз бетінше жұмыс істеуі үшін қажетті жағдайлар жасау

арқылы таңдаған мамандыққа оқытумен кәсіби шұғылдануды оңтайландыру;

- б) оқу жүктемесі ерекшеліктерін ескере отырып, спорт жарыстарының неғұрлым қолайлы күнтізбесін әзірлеу;

- в) командаларға үздік спортшыларды іріктеу үшін әділдік принципін қалыптастыру, іріктеу мен жылжытудың ашықтығына негіз жасалуы тиіс..

Әрине, жоғары дәрежелі студенттік спорт командаларын дайындаудың табысты жүйесін құру-қысқа мерзімде шешілмейтін іс. Алайда, осы қоғамдық маңызы бар феноменді жаңғырту жағына қарай жылжу үшін бірінші кезектегі шаралар жоспарын белгілеу қажет.

Осы ретте ұсынымдық сипатқа ие келесі ережелерді ұсынуға болады:

- а) білім беру мекемелерінде құрылатын спорт ұйымдарының қызметін қаржылық және салықтық ынталандыруды және дамытуды қажет етеді;

- ә) ЖОО-ның спорт жүйелерін өзге мамандандырылған спорттық дайындық және спорт бойынша білім беру мекемелерімен біріктіруді қамтамасыз ету, сондай-ақ осы жүйелердің сабақтастығын қамтамасыз ету;

- б) ЖОО-да студенттік спортты басқарудың оңтайландырылған жүйесін ұйымдастыру;

- в) ғылыми білім мен әзірлемелерді студенттік спортты технологиялық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету жүйесіне қосу, жаттығу процесін сүйемелдеу үшін университет пен оның базасын тарту;

- г) студенттік жастар арасында қоғамдық спорттық нұсқаушылар жүйесін дамыту;

- ғ) студенттерді спортпен белсенді айналысуға тарту, осы мақсатта тұрақты негізде жұмыс істейтін спорттық жетістіктер саласында ағарту жөніндегі ақпараттық-насихаттау бағдарламасын қалыптастыру;

- з) спорт кешендері базасында студенттерге дұрыс тамақтануды ұйымдастыру, медициналық, косметологиялық, спорттық аксессуарлар, киім, атрибуттика сияқты ілеспе қызметтер көрсетуді құру.

Ұсыныстар өткізілген сұхбат барысында алынған жауаптар, сондай-ақ нәтижелерді

салыстырмалы талдау және әр түрлі университеттерде спорт командаларын ұйымдастыру негізінде студенттер спортының талданған мәселелерін ескере отырып жасалғанын атап өту қажет.

Қорытынды жоғары дәрежелі студенттік спорт командалары алдағы жылдары елімізде жоғары жетістіктер спорты үшін мықты резерв құруға тамаша негіз бола алады. ЖОО-да білім алушылардың санын ескере отырып, өз тәжірибесін және шет елдердің табысты тәжірибесін назарға ала отырып, студенттік спорт дамудың жаңа, неғұрлым жоғары сатысына көтеруге болады. Алайда, ол үшін студенттік спорт клубтарының жұмыс істеу жағдайлары мен факторларын жақсарту қажет. Студенттік спорт командаларының жұмыс істеуі үшін нормалар мен қазіргі заманғы стандарттарға сәйкес келетін материалдық-техникалық базаның болуы, даярланған кадрлық базаның болуы, мамандық бойынша бірлескен оқыту жүйесі мен жаттығу процесінің оңтайлы жұмыс істеуі, әртүрлі деңгейдегі дайындықты есере отырып, оңтайлы спорттық күнтізбенің болуы, әділ іріктеу қағидатының басым болуы міндетті болып табылады.

Сонымен қатар, болашақта оқу және спортпен айналысуды біріктіруге дайын студенттік спорт клубтарының және жасөспірім жасындағы спортшылармен жұмыс істеу жөніндегі ұйымдармен бірлесіп жұмыс жасау қажет. Бұдан басқа, университеттік спортты дамытуға

экономикалық тарап - спорттық ұйымдардың өздерінің де, қолдау көрсететін ұйымдардың да негізгі қаржылық және салықтық ынталандыру көзі болатынын есте сақтау қажет.

Тағы бір перспективалы бағыт-оқу процесін сүйемелдеу жүйесіне ЖОО-ның ғылыми базасын тарту болып табылады. Студенттер спортын дамыту бағыты «Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасында»: Мемлекет білім беру ұйымдарында оқу мақсатына арналған дене шынықтыру-сауықтыру және спорт ғимараттары кешенін, жабдықтардың үлгілік жиынтығын, дене шынықтыру мен спорт саласындағы түрлі бейіндегі мамандарды даярлауға арналған мамандандырылған спорт ғимараттарын және мүкәммалын қамтитын материалдық-техникалық базаны нығайтуға мүдделі, осы салаға мамандар даярлайтын оқу орындарында студенттерді оқыту және жаттықтыру жүзеге асырылатыны туралы (40-бап) жеке жазылған бұл оның маңыздылығы мен басымдылығын көрсетеді [8]. Халықаралық спорттық жарыстардағы жеңістер-бұл әлеуметтік-экономикалық дамуды, ұлт бірлігін дамытудың элементі, салауатты өмір салтына және өскелең ұрпақ үшін спортпен шұғылдануға бағдар. Студенттердің спорттық жетістіктері олардың жеке жетістіктеріне ғана емес, сонымен қатар жалпы университеттің беделіне үлес қосатын жоғары оқу орнының игіліктеріне де айналуда.

### Әдебиеттер тізімі

1. Грицак Н.И. Студенческий спорт и его связь с общей культурой общества – М., 2015.
2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 15 сәуірдегі № 238 қаулысы / Қазақстан Республикасы халқының дене шынықтыру дайындығының президенттік тестілеу Ережелерін бекіту туралы. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1300001545> (қаралған күні: 12.01.2022).
3. Коблева Я.К., Вержицкая Е.Г. Физическая культура и образование, спортивная безопасность – М, 2014.
4. Уақбаев Е. Қазақстанда дене тәрбиесі жүйесінің дамуы. – Алматы: Санат, 2000.
5. Захаров М.А. Социология спорта. Учебно-методическое пособие. Смоленск, 2014.
6. Ильинич В.И. Физическая культура студентов. Учебник для вузов. – М., 2000.
7. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 228-V ҚР Заңы / Дене шынықтыру және спорт туралы. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1300001545> (қаралған күні: 12.01.2022).



8. Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 11 қаңтардағы № 168 Жарлығы / Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы. - URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1300001545> (қаралған күні: 15.01.2022).

**К.К. Bazarbayeva**

*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan. Kazakhstan*

### **Student sports - a factor in the preparation of high-class athletes**

**Abstract.** In the article, the author considers physical culture as a means of education that forms an integral personality, the direction of mastering students' natural strength and physical capabilities for cultural improvement, the development of physical abilities, cultural elements, special personal qualities within the educational process. The purpose of the article was to determine the optimal conditions for the organization and training of student sports teams as a sports reserve and high-class athletes. In the course of the study, the general characteristics of physical culture and sports, as well as sports of higher achievements, including among student sports teams, analysis of the dynamics of the results of activities and the organization system of student sports teams, proposals aimed at modernizing the existing organization system, issues of the formation of a sports team, its organization, logistical and financial support of athletes, the use of appropriate methods of organizing the training process were considered.

**Keywords:** natural force, culture, element, dynamics, logistical support, technical, financial support.

**К.К. Базарбаева**

*Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, Нур-Султан, Казахстан*

### **Студенческий спорт - фактор подготовки спортсменов высокого класса**

**Аннотация.** В статье автором рассматривается физическая культура как средство воспитания, формирующее целостную личность, направленное на овладение естественной силой и культурное развитие физических возможностей студентов, развитие у них физических способностей, развитие элементов культуры, особых личностных качеств в рамках воспитательного процесса. Целью статьи были определены оптимальные условия организации и подготовки спортсменов высокого класса и студенческих спортивных команд как спортивного резерва. В ходе исследования были рассмотрены общие характеристики физической культуры и спорта, а также спорта высших достижений, в том числе среди студенческих спортивных команд, анализ динамики результатов деятельности и системы организации студенческих спортивных команд, предложения, направленные на модернизацию существующей системы организации. Также поднимаются вопросы формирования спортивной команды, ее материально-технического и финансового обеспечения, рассмотрены пути организации тренировочного процесса и использования соответствующих методик.

**Ключевые слова:** естественная сила, культура, элемент, динамика, материально-техническое обеспечение, финансовое обеспечение.

### **References**

1. Gritsak N. I. *Studencheskiy sport i yego svyaz' s obshchey kul'turoy obshchestva*. [Student sports and its relationship with the general culture of society] (Moscow, 2015).
2. *Kazakstan Respublikasy Ykimetinin 2015 zhylygy 15 sauirdegi № 238 kaulysy / Kazakstan Respublikasy halkynun dene shynyқтыru dajyndygynyn prezidenttik testileu Erezhelerin bekitu turaly* [Resolution of the Government of the Republic Kazakhstan dated April 15, 2015 No. 238. On approval of the rules of presidential testing of physical fitness of the population of the Republic Kazakhstan]. Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1300001545> (Accessed: 12.01.2022).
3. Kobleva Y. K., Verzhbitskaya E. G. *Fizicheskaya kul'tura i obrazovaniye, sportivnaya bezopasnost'* [Physical Culture and education, sports safety] (Moscow, 2014).

4. Uakbayev E. Kazakstanda dene tarbiesi zhujesinin damuy [Development of the system of Physical Culture in Kazakhstan] (Sanat, Almaty, 2000).
5. Zakharov M. A. Sotsiologiya sporta. [Sociology of Sports]. Educational and methodical manual (Smolensk, 2014).
6. Ilinich V. I. Fizicheskaya kul'tura studentov [Physical education of students: a textbook for universities]. Textbook for universities (Moscow, 2000).
7. Kazakstan Respublikasynyn 2014 zhylgy 3 shildedegi № 228-V KR Zany / Dene shynykytyru zhane sport turaly [Law of the Republic of Kazakhstan dated July 3, 2014 No. 228-V of the Republic of Kazakhstan / on Physical Culture and sports]. Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1300001545> (Accessed: 12.01.2022).
8. Kazakstan Respublikasy Prezidentinin 2016 zhylgy 11 qantardagy № 168 Zharlygy / Kazakstan Respublikasynnda dene shynykytyru men sportty damytudyn 2025 zhylga dejingi tuzhyrymdamasyn bekitu turaly [Decree of the president of the Republic of Kazakhstan dated January 11, 2016 No. 168 / on approval of the concept for the development of Physical Culture and sports in the Republic of Kazakhstan until 2025]. Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1300001545> (Accessed: 12.01.2022).

**Автор туралы мәлімет:**

**Базарбаева К.Қ.** – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Янушкевич көш., 6, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

**Bazarbayeva K.K.** – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 6 Yanushkevich str., Nur-Sultan, Kazakhstan.